



EGEMEN QAZAQSTAN

Архари

эссе

«Азуын айға білеген саяси-сатиралық «Ара-Шмель» журналының жауапты хатшысымын. Байлаулы төбеттей қара телефоным шыр ете қалды. Көтердім. Таныс дауыс. Шерағаң, «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы Шерхан Мұртаза.

– Көпен мырза, келіп кетші! – деді. Құмырсканың илеуіндей құжынаған журналистердің бәрі бір ғимараттың ішіндеміз. Жедел сатыға міндім де жетіп бардым.

– «Ара» журналы жылына неше рет шығады? – деп сұрақты қабырғадан қойды.

– Он екі рет.

– Біз жылына 300 рет шығамыз.

Ата жауынды аңдып оқоптың ішінде жата бересің бе?

Түсінбедім. Аузым ашылып аңыраған кейіміме жымия қарады да:

– Нысанға алған нысапсыздарды, арамтақтар мен алаяқтарды жылына он екі рет ұрған жақсы ма, әлде бас көтертпей бар оғынды шығарып үш жүз рет атқылаған дұрыс па?

Ішім қылп ете қалды. Жұмысқа шақырып отыр.

– Сен бізге фельетон бөлімінің менгерушісі боп келесің бе? – деді Шерағаң. Бас изедім. Бұйрық берді. Бұл 1989 жыл болатын. Жасым қырыққа жете қоймаған.

«Төзген журналист тот басқан болт сияқты: не алынбайды, не салынбайды» деген Әзілхан Нұршайықовтың топшылауын құп көргендей, қатып-семіп қасандықтан арылмаған партиялық газетті жастармен жасақтап жатса керек. Кезінде Арқадан Ақселеу Сейдімбекті, Атыраудан Фариза Оңғарсынованы, Оңтүстіктен Мұхтар Шахановты, Шығыстан Оралхан Бөкейді талантты арқилы танып, талай жарысқа қосқан Шерағаң ғой. Жастар арасында жан-жақты мақаласымен көзге түсіп, ор текедей орғып жүрген Қайнар Олжайды қасына алған. Павлодар облыстық газетінде жарияланған Нұртөре Жүсіптің бір мақаласын оқып сүйсінген Шерағаң тұр-түсін көрмесе де жұмысқа шақырған.

Егемен еліміздің ертеңгі күні еңсесін көтеретін беделді журналистердің бет-бейнесін айқындады. «Социалистік...» «Егеменді Қазақстан» боп өзгерді. Өзгерген сол баяғы Шерағаң. «Социализм», «Социалистік» деген сөзді естісе ел селк ете қалатындай дәрежеге жеттік емес пе? – деді бірде лездемінен үстінде. – Өзгерту керек. Басылымның ішкі мазмұны жалпы атауынан да білініп тұратындай болғаны жөн. Баяғыда бабаларымыз «Егемен болмай, ел болмас, етектен кесіп жең болмас» деп жырлаған жоқ па?»

Боярлардың қауғадай сақал-мұртын күзеп, жер сызып жүретін шапандарының етегін тізеден қысқартып тастаған Бірінші Петр секілді, ата-тегіміздегі «...ов, ова, ев, ева» секілді жұрнақтарды жұлдырып, реформа жасады. «...ов» – орыстың бізге, қазаққа, кигізген құлдық қамыты», – деді.

Әдебиет бөлімінің менгерушісі, ақын Аян Нысаналин ағамыз мақаласының соңына фамилиясын да жазбайтын болды. Аян. Бітті. Бүркеншік ат секілді. Бұған үйренбеген секретариаттағы жігіттер бас редакторға барып шағымданды.

– Аян өз мақаласына фамилиясын қоюдан үзілді-кесілді бас тартып отыр. Негыламыз, Шераға? – дейді.

– Негыламын? Өз әкесі өзіне керек болмаса, кете берсін солай!..

Редакция жасарды. Жасы үлкені – Мынбай Ілес, Мамадияр Жақып, Совет Шиманбай, Аян Нысаналин, Нұри Муфтақ, сосын Әділ Дүйсенбек. Әдекенің мінезі маңғаз. Аспайды. Саспайды. «Маң, маң, маң басқан,

шудаларын шаң басқан» атан түйеден аумады. Шерағаңның шерлі сөзі есімізде. «Журналистер түйеге ұқсайды, түйенің арқалағаны алтын болса да, жегені жантақ» деп мұң шаққан кезін байқамадық. Барымен – базар. Нысапты. Шыдамды. Сабырлы. «Бұ кісі қартаймаса да қарайып қалған жоқ па?» деп сыртынан тон пішеміз. Жоқ, тіпті де олай емес. Қай-қайдағы тақырыптарды қаузап, қоғамдық ойлардың қойкабын қозғап қояды. Әзілхан ағамның «төзген болтына» ұқсамайды. Керісінше. Үш ауысымда тыным таппай жұмыс істейтін зауыт сияқты.

«Дүниеге нұрын шашқан екі нәрсе: біріншісі – Күн, екіншісі – журналистер» дегенді кім айтса да төбесінен дөп түсіп біліп айтқан. Аспандағы алтын күннен кейін дүниеге нұрын төгіп, шуағын шашып, сәулесін сіндірген Шерхан Мұртаза туралы деректі романды оқыдыңыз ба? Қалыңдығы керекарыс – 440 бет. Кітаптың аты – «Шерағамның шеруі». Авторы – Әділ Дүйсенбек. Қашан жазып үлгерген?

Отыра қалып ойдан құрастырылған қиял-ғажайып дүние емес. Отыз жыл бұрын Шерағаңның «Егеменге» бас редактор болып келген кезінен бастап «Бір кем дүние» деп бақилық болғанға дейінгі шежіре. Шерағаңмен талай жиын-тойлар мен іссапарларда бірге жүргенде, әсерлі әңгімесі мен әуезді әндерін тыңдап, серілік те ерлік істеріне куә болған Әдекен ағасының аузынан шыққан дуалы сөздерді қағып алып, қағазға түсіріп отырған. Шерағамның танымы. Тағылымы. Пайымы. Парасаты. Оқшау ойлары. Шері. Торығуы. Топшылауы. Жан-жақты жетілу үшін жарасымды ойлары. Қысқасы, еліміз егемен боп енші алған кездегі ширек ғасырлық тарихының тараулары іспеттес. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков бас газеттің басшылығына Шерхан Мұртазаны әкеп таныстырады да, сөз соңында «Бұл басылымды жалпы ұлттық газетке айналдырған жөн. Оған мына басшыларыңыздың күшеуатуы да, тәжірибесі де жетеді!» деп түйіндейді.

Газетке ие келді, иесіне ілесіп кие келді. Баспасөзге жазылу науқаны басталғанда Жамбыл облысының басшыларына алдын ала хабарламай-ақ Қордай, Меркі, Шу, Мойынқұм, Талас, Сарысу, Жуалы аудандарын аралап қалың оқырмандармен кездесу жасайды. Шерағаңның шеруі. «Газетке не үшін жазылу керек?» деген өз сұрағына өзі тиянақтап жауап береді. «Бүгінгі болып жатқан қиыншылықтардың бәрін уақытша деп білуіміз керек. Атам қазақ «Бұдан да жаманымызда тойға барғанбыз» деп текке айтпаған ғой. Алла бұйырғанда, алда жарқын болашақ күтіп тұр.

Бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған бостандыққа қол жетті. Мемлекетіміз жас. Тәуелсіздігіміздің бір тіні – тіл. Ал экономика мен руханият – мемлекетіміздің қос қанаты.

Қазір кітап шықпайды, журналдар жабылып жатыр. Радио сөйлемейді. Жарық сөнбесе телевизор көрген бола-сыздар. Оның өзі де онып тұрған жоқ. Қайдағы пәлені көрсетеді. Ар да, иман да жоқ. Соны айттып, елдің көкірегіне сәуле түсіретін осы – газет. Қазақ газетіне қазақ жазылмаса, қайтіп күн көрміз? Бұл елдігімізге сын емес пе?..»

Сол жылы «Егемен Қазақстанның» таралымы төрт-бес есе өсіп, 200 мыңға жуық оқырманын тапты. Күні бүгінге дейін сол биіктен түскен жоқ.

Тәуелсіздік алғалы «Тәубе!» дейтін тірлік көп. Әділ ағаның өсіп-өнген жері Тараз іргесіндегі Свердлов ауданы. Атын өзгерту керек. Не деп?



“**ЖАРЫҚТЫҚ ҚАЛАҒАҢ, ҚАЛТАЙ МҰХАМЕД-ЖАНОВ ІСІНЕ СҮЙСІНГЕН ІНІЛЕРІНЕ «АЙ, ЖОЛБАРЫСЫМ-АЙ!» ДЕП МЕЙІРЛЕНЕ ҚАРАЙТЫН. ШЕРАҒАҢ ШЕ? ӘДІЛ АҒАНЫҢ БОЛМЫС-БІТІМІ МЕН ЖҮРІС-ТҰРЫСЫН БІР-АҚ СӨЗБЕН БЕЙНЕЛЕП «АРХАРИ!» ДЕП ЕРКЕЛЕТЕТІН.**

«Атақты Байзақ датқаның атын берсе әбден лайық!» – дейді Шерағаң. – Аудандық газеттің аты қандай? «Село жаңалығы». Сондай солғын ат кімге керек? «Байзақ байрағы» десе жараспай ма? Жарасқанда қандай! Осы байраққа байланысты Сүйінбай сүлейдің өлеңі бар емес пе!

Берілі менің байрағым!
Берілі байрақ астында
Бөгеліп көрген жан емен.
Берідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен.
Берілі найза ұстаса,
Түйремей кеткен жан емен.
Берілі байрақ құласа,
Күйремей өткен жан емен!..

Сексенінші жылдары бір топ жазушылар сонау Сібірге жақұт ағайындарға бара қалады. Олардың фамилиялары орысша болғанымен арғы тегі қазаққа келіңкірейді. Осындай бір топтың ортасында отырған Шерағаңның тосыннан ән бастағаны бар емес пе? Жаңа ғана араның ұясындай дуылдап жатқан зал сілтідей тына қалды. Қазаққа да, қалмаққа да, жапонға да, жақұтқа да, жалпы бұрындары қапаста болған кара халықтың бәріне етене жақын зарлы әуен. Адамның сай-сүйегін сырқыратады. Қай елдің әні? Татарша сияқты. Шерағаң тағы да татардың бірекі әнін орындағанда Дулат Исабеков «Әй, Шәке! – дейді, – біз қай жерде отырмыз осы, қай елдің жазушысымыз, неге қазақша айтпайсыз?».

Сол-ақ екен. Шерағаң жаңағы айтып тұрған әніне ұқсас қазақтың бір әуенін әуелете жөнелген. Сосын «Мына Дулат маған өте орынды замечание жасады. Біз алдымен қазақ әніне кезек беруіміз керек еді. Ал мына орындағаным – қазақтың көне дәуірінің әуені. Байқайсыздар ма, татарға да, жақұтқа да, ноғайға да, құмыққа да келеді. Бұдан біздің бәріміздің де түбіріміз бір екені байқалмай ма? Түбі бір түрік қағандарының ұрпағы емесің бе?»

Дулат орнынан атып тұрып «Кешіріңіз, Шераға!» деп ағасын құшақтайды. «Оқасы жоқ, сен де кешір!» деп ағасы арқасынан қағады.

Журналистер қауымы орналасқан он екі қабат ғимараттың астыңғы жағында шағын шайхана болатын. Оған

Шерағаң «Камал кафе» деп ат қойған. Шөлдегендер сусындап, суатқа құлаған жылқыдай шұрқырасып жататын. Бас сұғып бара қалсам Шерағаң мен Камал аға Смайылов екеуі отыр екен. Барып сәлем бердім. Шерағаң қолымды есік қысқандай қысып ықыласымен амандасты. Камал ағам ше? Солғын. Әкпелі сияқты. Онысын жасырмады да.

– Әй, Көпен, – деді, – сен пародия жазып мені ондырмапсың ғой.

– Қандай?

– Сен Шерханды тракторға, мені сонғын соңына тіркеген соқаға теңепсің...

Есіме түсті. Жазғаным рас. Екі ағамыз «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде тәуелсіздіктің жолына жаңадан түскен еліміздің бүгінгі және ертеңгі тағдыр-талайы туралы толғамдарын жариялаған болатын. Шерағаң туралы пародияда соны тілге тиек етіп, әзіл түрінде әспеттеген едім.

– Оқышы! – деді Шерағаң. Камал ағам қақтысты тұсын жатқа соқтым.

«Елім, саған айтам,
Елбасы, сен де тыңда»
Камал дос,
Сен де құлақ түр.
Себебі, сен – соқа,
Мен – трактор!..»

– Оу, Камеке-е-е, – деді Шерағаң нығырлай сөйлеп. – Ку трактор айдалада жалғыз өзі не бітіреді? Жерді жыртатын трактор емес, соқа ғой. Соқаның рөлі тракторға қарағанда анағұрлым артық! Көпен мырза сізді дұрыс теңеген.

– Ө-ә, солай ма?

– Солай!

Камал ағамның өңіне қан жүгіріп, моншадан жаңа шыққандай жайнап сала берді.

– Мен айтпесе басқаша ойлап қап ем...
Тұла бойы тұнған цифр, тұнған факті Камал көкемнің өкпесін жазып, екеумізді табыстырып жіберген қайран менің Шерағаң-ай!

Ғасыр мен ғасыр тоғысында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутатығына үміткер боп Оңтүстік өңірін түстім. «Адам үмітпен ғана өмір сүреді» деген рас екен. Ұстазым Шерхан Мұртазадан бата алсам өтіп кететіндей көріндім. О кісі де Жамбыл облысынан сол сайлауға түсіп, долада жүрген кезі-тін. Барып бата сұрадым. Қолын жайды.

– Жорытқанда жолың болсын жолбарыстай! – деді де сол ойланымқырап басқа әңгіме айтып кетті.

– Баяғыда ен далада екі түлкі әңгімелесіп тұрса, бес-алты аңшы қиқулап келіп қапты.

– Шераға, бата берсеңізші. Бата!

– Жорытқанда жолың болсын жолбарыстай! – деп тағы мүдірді де, әлгі әңгімесін сабақтады.

– Екі түлкі екі жаққа қашып бара жатып, бір-бірінен «Енді қай жерде кездесеміз?» деп сұрапты. Сонда бір түлкі «Мына аңшылардың тәрізі жаман. Енді тымақ базарында кездесетін шығармыз», – депті. Түлкінің сөзі өзімен кетсін. Парламенттің қан базарында қауышайық. Әумин! – деп бет сипай бергенде:



EGEMEN QAZAQSTAN

– Аға, әлгі өлеңмен басталған батаны қосып беріңіз! – дедім.

– Жорытқанда жолың болсын жолбарыстай!

Жүре бер жүйрік болып жолды бастай!

Әумин! – деп екі бетін бір-ақ сипады.

Сол жолы Шерағаңның өз батасы өзіне дарып, депутаттыққа өтті. Неге өтпесін, абыз ғой!..

Мұндай детальдар романның ішінде өріп жүр. Баяғының билеріндей биік мінбеде тұрып білдірген кесімді де келелі ой-пікірлері, ұлттық рух туралы ұйғарымдары, «ашынғаннан шыққан ашы дауыс» емес – қайраткерлігі. Қамқорлығы. Баяғы бабаларымыздай бұлардың бәрін «қауіп еткеннен» қабырғасы сөгіліп айтты. Өзі басқарған ұжымның дастарқанында болсын немесе қай ауылға ат басын бұрмасын бір өңірде туып өскен Бауыржан Момышұлының батасын қайталайтын. Кейінгі ұрпақтың құлағына сіңе берсін дейтін болу керек. Әсіресе «Иә, Алла! Өмір берсең жайлы ғып бергін. Дәулет берсең сайлы ғып бергін. Келін берсең келісті ғып бергін. Ағаш берсең, жемісті ғып бергін. Ұлқыз берсең намысты ғып бергін. Тұлпар берсең шабысты ғып бергін. Арғымақ бер, пырақ бер. Жомарт болсаң осы айтқаныңның бәрін үйіп-тегіп бір-ақ бер. Әумин! Бауыржан Момышұлы!» деп аяқталатын батасын нығырлап, нығыздап айтатын.

Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс қаласындағы оқырмандармен кездесу жасағанда бір жігіт сұрақ қойыпты. «Шераға! Бұрындары сіз «Егемен Қазақстанның» бас редакторы болып төрге отырушы едіңіз, қазір жай қызметкерсіз. Қайда отырсыз? Жеке кабинетіңіз бар ма?».

«– Иә, кезінде мен «Егемен Қазақстанды» басқарып, төрінде отырдым. Қазір қатардағы жай қызметкермін, бірақ мен оған намыстанбаймын. Себебі – «Егемен Қазақстан» ел газеті. Ал елдің төрі – мына өздеріңізсіздер. Сіздер мені хан көтеріп отырсыздар. Оның үстіне бұл киелі шаңырақ. Кезінде бұл газетте Сәкен Сейфуллин, Ораз Исаев, Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов секілді небір марғасқалар еңбек еткен. Сондай ардақты адамдар жұмыс істеген киелі шаңырақтың мен боасағында отырсам да арланбаймын...»

Өрине Әділ Дүйсенбек ағам мұндай тұлғалардың құзырында құлдық ұрып қызмет істеген жоқ. Өйтсе де сондай соқталы аталардың ізін жалғастырған Кеңес Үесебаев, Ұзақ Бағаев, Сапар Байжанов, Балғабек Қыдырбекұлы, Кеңес Дүйсеев, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбай, Нұрлан Оразалин, Уәлихан Қалижан, Ержұман Сәлиев, Сауытбек Абдрахманов сияқты он бір редактордың мектебінен өткен. Шерағаңның тілімен айтқанда «Олар да пенде, олар да ет пен сүйектен жаралған жандар. Олардың да өзіндік мінезі мен талап-тілектері болады дегендей, олардың бәрімен ортақ тіл табысып жұмыс істеудің өзі де біле білгенге көп жайтты аңғартпай ма...!»

Жарықтық Қалағаң, Қалтай Мұхамеджанов ісіне сүйсінген інілеріне «Ай, жолбарысым-ай!» деп мейірлене қарайтын. Шерағаң ше? Әділ ағаның болмыс-бітімі мен жүріс-тұрысын бір-ақ сөзбен бейнелеп «Архари!» деп еркелететін.

Зейнетке шығар тұста Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз қызметіне шақырылды. Күтпеген жағдай. Бас редактор Шерағаң: «Кім зейнетке шыққаннан кейін Үлкен үйге қарай қызметке өсіп жатыр? Әй, қайдам? Ондайды көрмек түгілі, естіген де емеспін. Ал менің Архаримнің туа бітті қасиеті мен пейіліне байланысты жолы ашық. Өзің титтейіңнен ата сақалың аузына түскенше, тапжылмай еңбек еткен «Егеменді» ұмытпа! Жиі келіп тұр!» деп қол соғып қошемет білдірді. «Егемен Қазақстан» газетін асу бермес Алатауға теңесек, Әділ Дүйсенбек ағамыз тастан-тасқа секіріп көз жауын алған көп архардың бірі.

Шерхан. Түбірі не? Шер. Атам қазақ «Шер толқыса шығады» дейді. «Шерағамның шеруі» романын оқығанымда мен де бір шімдегі шерді тартқандай сезініп, қолыма қалай қалам алғанымды аңғармай да қалдым.

Көпен ӘМІРБЕК,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

«Егеменге»

*Жанымды жас кезден-ақ жебеб едің,
Қол жетпес биіктегі өрем едің.
Жазылған пешенеме тағдырымдай
Жылдарды парақтадың «Егеменім».*

*Ер мінез, елден ерек еңселім ең,
Ержетіп, еркіндедім мен сенімен.
Атланттың аржағынан жаздым сәлем,
Астым да құстай ұшып ел шегінен.*

*Сен десе қалай селқос тұра алам мен,
Өзіңнің өнегөңді құп алам мен.
Бетіңде сырласқаным қандай бақыт
Әзағам, Қадағаммен, Тұмағаммен!*

*Қарбалас, қиындық та болды қанша,
Атырдық мақаламен таңды қанша.
Қазаққа жақсылықты сүйінішпен,
Асықтық бір үмітті жандырғанша.*

*Өзіңде көп басылды өлең-жырым,
Күмістей сыңғырлаған зерен күнім.
Әр сөздің, әр мағына, әр ұғымның
Үйреттің зерделеуге тереңдігің.
Зейнетте,*

*Алты қырдан астым әрі,
Газетім жуз жасаған жассың әлі.
Ешқашан сен зейнетке шыға көрме
Елімде баспасөздің бас қыраны!*

*Өзіңсің кемелім де көрегенім,
Қанымға қағидаңды иезгелендің.
Менімен қоштасуға қақылысың,
Сенімен қоштаспаймын
«Егеменім»!*

Қорғанбек АМАНЖОЛ